

2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін анықтау туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 497 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қаңтарда № 5318 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. "Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды қосымша анықталған тізбесіне жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т. Төлебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Исмағұлов

Әкімдіктің

2014 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 497 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Ұзақ уақыт (он екі және одан да көп ай) жұмыс істемегендер.

2. Елу жастан асқан тұлғалар.

3. "Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген, тиісті жұмысы жоқ адамдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК